



АҚЫҚАТ

ҰЛТТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ЖУРНАЛ

www.akikatkaz.kz

akikat1921@mail.ru



“Текетірес”

№12 • 2012



**Ерлан АРЫН,
Павлодар облысының әкімі**

(Әкіммен болған сұхбатты 27-31 беттерден оқысыздар)



1921 жылғы
қыркүйектен
шыға бастады

АҚИҚАТ

ҰЛТТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ЖУРНАЛ

Журнал 1976 жылы Халықтар Достығы орденімен, 2002 жылы Қазақстан Журналистика Академиясының «Алтын Жұлдыз», 2008 жылы Қазақстан Журналистер Одағының сыйлығымен марапатталды

№12, ЖЕЛТОҚСАН, 2012

С. Тодайғыров
атындағы ПМУ-дің
академик С. Бейсембәев
атындағы ғылыми
КІТАПХАНАСЫ

МАЗМҰНЫ

ЗАМАНХАТ

Міржакып ДУЛАТУЛЫ. “ОВ” туралы.....	3
БОЛАШАҚТЫҢ ІРГЕСІН БІРГЕ ҚАЛАЙМЫЗ	
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ. Арман! Еңбек! Сенім!.....	5
1 ЖЕЛТОҚСАН – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ КҮНІ	
Әділ АХМЕТОВ. Елбасы жәпе сындарлы саясат жемістері.....	10
ТӘУЕЛСІЗДІК – ТУЫМЫЗ!	
Клара ҚАБЫЛҒАЗИНА. Тәуелсіздік тағлымы.....	18
Шалатай МЫРЗАХМЕТҰЛЫ. Абырой да, табыс та, мәртебе де тек қана еліңмен бірге жасаған еңбекпен келеді.....	20
ІЗГІЛІКТІ ҚОҒАМҒА БАРАР ЖОЛДА	
Ерлан АРЫН. Көшіміз түзу, бағытымыз айқын.....	27
ЕРКІН ОЙ МІНБЕРІ	
Әбдірашит БӘКІРҰЛЫ. Мемлекетшіл рухы жоқ елдің тәуелсіздігі тайғанак.....	32
ОЙТҮРТКІ	
Сейілбек МҮСАТАЕВ. Қазақстан қайткенде АҚШ-тай бола алады?.....	37
ОҚШАУ ОЙ	
Дос КОШІМ. Біз кімге керекпіз?.....	46
Еркебұлан ӘЛІМХАНҰЛЫ. Тарих тағлымынан сабақ алу.....	52
КӨЗҚАРАС	
Жарылқасын БОРАНБАЙ. Ұлттық идеяның ұйтқысы – Асан Қайғы.....	55
РУХАНИ ҚАЗЫНА	
Шамшиден АБДРАМАН. Абайдағы әл-Фараби тағлымы.....	62
МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ	
Аманкелді МҮҚАН. Қазақ театрындағы авторлық құқық туралы.....	67
М. ӘУЕЗОВТИҢ ТУҒАНЫНА – 115 ЖЫЛ	
Бақтияр СМАНОВ. Мұхтар Әуезов және дін мәселесі.....	69
ОҚШАУ ЖАНР	
Қуанбек БОҚАЕВ. Эпистолярлық жанрдағы ұлтжандылық.....	80

ЕСІМІ ЕЛЕСІНДЕ	
Бекет ТҮРҒАРАЕВ. Асыл ағаның жан жылуы.....	87
ТАҒДЫР	
Медеу СӨРСЕКЕ. Жолы кесілген геолог.....	89
ӨЗ СӨЗІМ – ӨЗІМДІКІ	
Амангелді КЕҢШЛІКУЛЫ. Сыныпның күнделігі.....	96
ШЫМБАЙҒА БАТСА ДА...	
Аманхан ӘЛІМҰЛЫ. «Жабайы музыка» телерадионың азығы ма?.....	102
ОРНЫ БӨЛЕК АҒАЛАР	
Мыңбай РӨШ. «Маған да ескерерсің».....	105
СЫН СИПАТЫ	
Гүлжаһан ОРДА. «Адамның мұңы».....	107
Серікқазы ҚОРАБАЙ. Құм тағдыры.....	113
ҒАЛЫМ МІНБЕРІ	
Лукаш ДОНАЙ. Саяси болашақты болжау: бүгінгі көзқарас.....	118
Қалдыгүл ОРАЗҚҰЛОВА, Н. МИХАЙЛОВА, М. СУЛТАНОВА. Жаһандану кезеңіндегі мәдени бірегейлікті сақтаудың мәні.....	121
Жібек АБДУЛЛАЕВА. Көркем мәтіндегі ұлттық колоритті жеткізу мәселесі.....	123
Гүлнар АЙГАРИНОВА. Азық-түлік қауіпсіздігінің құқықтық мәселелері.....	125
Жаннетта ЕРАЛИНА. Инновациялық технология және шетел тілі.....	128
Дидар БИЛДЕБАЕВА. Студенттерді шет тілінен дұрыс дыбыстауға үйретуде инновациялық технологияларды тиімді қолдану.....	130
Индира ИЗЕМБАЕВА. Шетел тілін үйретудегі ролдік ойындардың тиімді жолдары..	132
Айгерім МҰРЗАТАЕВА. Т. Драйзердің «Американдық трагедия» шығармасының орыс және қазақ тілдеріне аударылуы.....	133
Айнұр МОЛДАХАНОВА. Диалектілік лексиканың терминденуі.....	136
ЖЫЛ – ОН ЕКІ АЙ	
Қаңтар.....	138
ОҚЫРМАН ХАТЫ	
С. ШҮКЕШЕВ. Қазақ тілінің тағдыры – кітапта.....	140
ЖУРНАЛ ЖЫЛНАМАСЫ	
«Ақиқат» журналында 2012 жылы жарияланған материалдардың тізімі.....	141
Журналдың орысша, ағылшынша мазмұны.....	148

ҚҰРЫЛТАЙШЫ ЖӘНЕ ШЫҒАРУШЫ:

«Қазақ газеттері» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор – Редакторлар кеңесінің төрағасы Жұмабек КЕНЖАЛИН

БАС РЕДАКТОР: Аманхан ӘЛІМҰЛЫ

РЕДАКЦИЯ АЛКАСЫ: Ораз ҚАУҒАБАЙ, Қыдыралы ҚОЙТАЙ (редактордың орынбасары - жауапты хатшы), Серікқали ХАСАН («Қазақ газеттері» ЖШС Бас директорының шығармашылық мәселелері жөніндегі өкілі).

РЕДАКЦИЈАЛЫҚ КЕНЕС: Сарбас АҚТАЕВ, Ерлан АРЫН, Әділ АХМЕТОВ, Бүркітбай АЯҒАН, Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ, Раушанбек ӘБСАТТАРОВ, Ғарифолла ЕСІМ, Бақытжан ЖҰМАҒҰЛОВ, Әбіш КЕКІЛБАЕВ, Уәлихан ҚАЛИДЖАН, Ғалымқайыр МҰТАНОВ, Нұрлан НЫҒМАТУЛИН, Серік ПІРӘЛИЕВ, Кенжеғали САҒАДИЕВ, Қуаныш СҰЛТАНОВ, Ерлан СЫДЫҚОВ, Кеңес ҮШБАЕВ, Әбдісағит ТӘТІҒҰЛОВ, Бектұр ТӨЛЕУҒАЛИЕВ, Зарема ШӘУКЕНОВА.

«ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ» ЖШС-нің облыстардағы өкілдері: Шәрипа БЕКМАМБЕТОВА (Ақтөбе облысы) – 8-713-2-55-31-48, Батырбек МЫРЗАБЕКОВ (Қарағанды облысы) – 8-710-2-90-19-73, Толымбек ЫБЫРАЙЫМ (Астана) – 87013457938 Оразалы ЖАҚСАНОВ (Қостанай облысы) – 87772307184



Ерлан АРЫН,
Павлодар облысының
әкімі

– Ерлан Мұхтарұлы, Сіздің облыс тізгінін ұстағаныңызға бір жылға жуықтады. Әрине, бұл ойға алған істі жүзеге асыруға мүмкіндік беретіндей көп мерзім емес. Десе де, мұның алдында Павлодар қаласындағы іргелі оқу орны – С. Төрайыров атындағы мемлекеттік университетін біршама уақыт басқарып, облыстың экономикалық даму бағыты көз алдыңыздан өтті. Осы орайда, алғашқы әкім болған күннен бастап қандай шаруаны қолға алдыңыз?

– Шындығына келгенде уақыт деген зырылдауық. Менін түсінігімде, тындыратын шаруаны уақыттың еншісіне салып таразылауға мүлде болмайды. Павлодар еліміздегі ең ірі индустриялық орталықтардың бірі саналатын облыс болғандықтан, бізге әр ай, әр күн, керек десеніз әр сағат пен минут маңызды. Сол себепті де, арқаны кенге салып, ойланyp-толғанып отыратын жағдай жоқ. Әйтеуір, не тындырсақ та аймақтың әлеуметтік-экономикалық ахуалын арттыруға септігін тигізсек деген ниеттеміз. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев маған облысты басқару туралы сенім артқанда нақты міндеттер мен тапсырмаларды айқындап берген болатын. Міне, күнделікті жұмысымыздың негізі осы бағытта жүзеге асуда. Қай сала болсын өзінің маңыздылығымен ерекшеленетіні түсінікті. Сондықтанда, тізгінді қатар тартып отырған абзал. Мына салаға ерекше көңіл бөлейік, мынаған кейінірек оралармыз деуге әсте болмайды. Мақсат біреу ғана, ол – облыс экономикасын ілгері сүйреп, тұрғындар әлеуетін арттыра беру.

– Өткен қыркүйек айында Сіз басқарып отырған өңірде Қазақстан мен Ресейдің ІХ аймақаралық ынтымақтастық форумы болып өтті. Қос елдің Президенттері қатысқан шараның Павлодарда өткізілуі де тегін емес болар?

– Сегізінші форум Ресей Федерациясының

КӨШІМІЗ ТҮЗУ, БАҒЫТЫМЫЗ АЙҒЫН

Астрахань қаласында өткен еді. Онда «Байқоңыр» кешенінің келісім-құқықтық базасын қалыптастыру мәселелері ортаға салынып, төтенше жағдайлар кезінде біріккен әрекеттер жасауға арналған шаралар пысықталған болатын. Сондай-ақ, шекаралас орналасқан су арналары мен тоғандардың экологиялық мәселелері де назардан тыс қалмады. «Алтай» трансшекаралас резерватын құру туралы ұсыныс жасалып, 2017 жылға дейін аймақаралық және шекаралас әріптестікті нығайту туралы құжаттар да осы жолы қабылданды.

Басқосу барысында ІХ форумның тақырыбы да таңдалды. «Қазақстан мен Ресей кәсіпорындарын инновациялау мен жаңғырту» айдары таңдалып, Елбасымыз, Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев тоғызыншы форумды ерке Ертіс жағасындағы Павлодар қаласында өткізу туралы ұсыныс жасаған болатын. Бұл таңдаудың біздің өңірге түсуінің өзі заңдылық деп білеміз. Себебі, республикамыздағы негізгі көмір өндірісі осында, қазақстандық электр энергиясының 67 пайызы және феррокорытпаның төрттен үш бөлігі де біздің еншімізде.

– Форумның асқан ұйымдастырушылықпен өткенін естіп жатырмыз. Халықаралық деңгейдегі саясаткерлер жоғары бағасын беріп жатыр. Жалпы, өңір экономикасын арттыруға қандай да бір ықпалы тиеді деген сөз ғой, бұл.

– Сөз жоқ, бұл тек қана өңір экономикасы емес, тұтастай алғанда тарихи тамыры тереңде жатқан көршілес екі мемлекет үшін де маңызы зор шара. Ежелден шекаралас орналасқан Қазақстан мен Ресей бір-бірін ең сенімді серіктес ретінде қабылдаған. Бұл жолғы форум шеңберінде қос елдің арасындағы сауда-экономикалық қарым-қатынасты нығайтатын, жалпы құны екі миллиард АҚШ долларынан асып түсетін 27 шартқа қол қойылды.

– Елімізде қолға алынған үдемелі индустриялық-инновациялық жобалар Павлодар өңірінде қалай жүзеге асып жатыр?

– Елімізге ірі өндіріс ошақтары, өнеркәсіп

алпауыттары мен тау-кен кәсіпорындары шоғырланған аймақ ретінде тағымал Павлодар облысы өзінің 75 жылдық мерейтойын лайықты қарсы алуға дайын. Өмір халқы ең ірі индустриялық сапалатын облысқа жүкелетін міндет жүгі салмақты екенін жақсы түсінеді.

Үдемелі индустриялық-инновациялық бағдарлама шеңберінде Павлодар облысында 180 инвестициялық жоба іске асырылуда. Құйылған жалпы инвестиция көлемі бір триллион теңгеден асып түседі. Айтып өтерлігі – «Индустрияландыру картасының» 72 жобасы және облыстық үйлестіру кеңесінің мониторингінде тұрған 108 жоба сәтті бастау алды. Нәтижесінде аймағымызда 14,1 мың жаңа жұмыс орны ашылды. Алған бағытынан тапбауды мақсат еткен еңбеккерлеріміз тек биылғы жылы 21 жобаны қолға алып, барлығы тұрақты жұмыс жасауда. Жаңа өндіріс орындарын ашу жолындағы атқарылған істердің жемісі – облыс өндірістері үшін аса қажетті эмульсиялық матрицалар мен тау-кен саласы үшін жарылғыш заттар өндірісі іске қосылды. Жаңа өнімнің бұрынғымен салыстырғанда өзіндік ерекшелігі бар. Бұл заттардың барлық компоненттері арнайы көліктің сыйымдылықтарында өндіріледі, сақталады және тасымалданады. Сондай-ақ, тауарға деген сұраныс жоғары. Негізгі тұтынушылары – «Боғатыр-Көмір» ЖШС-і, ENRC корпорациясының «Шығыс» және «Керегетас» кені, «Майкубен Вест» ЖШС-і, «Жайрем» КБК-і.

Отандық өнім өндірісін молайту мен кәсіпорындарды толығымен қамтамасыз ету – уақыт талабы. Ниет білдірушілер де табылуда. Мәселен, «Бозшакөл» КБК-ге 15,0 мың тонна өнім жеткізуге келісімшарттар жасалды. Үдемелі индустриялық-инновациялық даму – ел экономикасының өндіріс секторын ғана емес, сондай-ақ, осы саламен тығыз байланысты көлік инфрақұрылымының да дамуына зор септігін тигізуде. Оған дәлел Павлодар облысында жаңадан ашылған теміржол кәсіпорындарына арналған бағыттағыш бұрма, айқыш және дөңгелектер өңдеу өндірісі. Осы өнімнің бәрі бұрын сырттан импортталына-тын. Бұл жоба өз кезегінде отандық теміржол саласын жаңғыртуға, жүк вагондарын шығару саласында маңызды орын алады. Осылайша, аймағымызда ірі өндірістер мен өнеркәсіп кешендерінің өнімдерін сыртқа экспорттау үшін басты тасымалдаушы – теміржол кластерін құрадамыз.

Биылғы жетістіктеріміздің бірі – Бозшакөл КБК құрылысы басталды. Бұл облысымызда мыс комбинатын іске қосылумен ғана шектеліп қоймай, мыс өндірісін игеруді және қосымша құнымен соңғы өнімді шығаратын

мыс кәсіпорнын ашуға жол бастары анық. Жобаны іске асыруға ірі бизнеспен қатар шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін тарта отырып, олардың белсенділігін арттыру көзделуде.

Егеменді елімізді ауқымды индустрияландыру шеңберінде энергия көздеріне деген сұраныстың айтарлықтай арта түсері сөзсіз. Осыған орай, Ертісті Павлодар өңірінде электр қуатын еселеп өндіруге барлық мүмкіндіктер бар. Сол себепті де, энергетика саласын дамыту үлкен перспективалық жобаларды іске асырумен қатар орындалатын міндеттердің бірі екені даусыз. Егер, бұған дейін облыс стансасының қолданыстағы қуаты 6,5 мың МВт құраса, бүгінгі таңда жаңа блоктарды енгізумен облыс стансаларының қуаты 7,4 мың МВт-қа дейін ұлғайып отыр. Бұл ретте «Еуразият энергетикалық корпорациясы» АҚ-ның №2 блогы, үшінші жылу электр орталығының №1 турбинасы, Екібастұздағы ГРЭС-1-дің сегізінші блогы белсенділік танытуда. Энергия блоктары құрылысын жандандыру жұмысы қарқынды жалғасуда. Жоспармыз ойдағыдай жүзеге асса, 2015 жылға қарай қуаттылықты 8,5 мың МВт жеткізу межеленген. Бұл бұрынғы көрсеткіштермен салыстырғанда 31 пайызға артады деген сөз.

– Білуімізше, «Павлодар» еркін экономикалық аймағын құру қолға алынды. Бұл – шетелдік инвесторларды тартудың таптырмас жүйесі екенін жақсы білеміз. Осы жоба қалай жүзеге асуда?

– Ия, дұрыс айтасыз, Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың 2011 жылғы 29 қарашадағы Жарлығына сәйкес облысымызда химия және мұнай-химия кластерін дамытатын «Павлодар» арнайы экономикалық аймағы құрылды. Өз кезегінде бұл іс өңірге инвестиция тартудың үлкен мүмкіндіктеріне жол ашты. Қазіргі уақыттың өзінде осы экономикалық аймаққа қызығушылық танытқан 43 инвестор тіркелді. Жалпы құны 270 миллиард теңгені құрайтын инвестжоба 2,6 мың жұмыс орнын ашуға мүмкіндік бермек.

Арнайы экономикалық аймақта елімізде бұрын-соңды өндірілмеген өнімдерді шығару бойынша 12 жоба зерттелді. Мысалы, «Қазатомпром» АҚ-пен бірлесіп Қазақстанда алғаш рет жылына 130,0 мың тонна поликремний, 100 мың тонна сутегі асқын оксиді, 3 мың тонна полиалюминий-хлориді шығарылады. Барлық өндірілген поликремний, сутегі асқын оксиді елімізге, негізінен, «Қазатомпром» АҚ-тың электр-техникалық және химиялық қажеттілігі үшін өндіріледі. Сондай-ақ, белгілі бір бөлігі Ресей Федерациясына экспортқа шығарылады.

Тың жобаның бірі – «Химпромпродукт» ЖШС-і мен «Каустик» АҚ ауызсуды сапалы тазалау үшін пайдаланылатын полиалюминий-хлорид өндірісін жылына 13 мың тоннаға дейін жеткізу. Бұл елімізде тұнғыш рет колға алынып отырған шаруа. Ал, «Ертіс» химия компаниясы» ЖШС кәсіпорыны жылына 40 мың тонна тежегіштелген тұз қышқылын өндіріп, оны «Павлодар мұнай-химия зауыты» АҚ өндірісінің шикі мұнай коксын қайта өңдеу жолымен мұнай өндіру, металл өңдеу, қыздырылған мұнай коксы үдерістерінде пайдаланылатын өнімді шығаруды жоспарлауда. Нарық сұранысын саралай отыра, жекелеген тұстарда республикада жеткілікті мөлшерде өндірілмейтін тауарлардың импортталып отыратынын да назарға алдық. Атап айтқанда, жылына 180,0 мың тонна күкірт қышқылының өндірісі («Қазатомпром» АҚ). Уран кені бойынша отандық кәсіпорындардың қажеттілігі жылына 2,5 миллион тонна болса, республикада жылына 2 млн. тонна шығарылады. Қажеттіліктің қалған бөлігі 500 мың тонна импортталынады.

Жылына 10 мың тонна полиэфир шайыры мен 3 мың тонна композиттік материалдар өндірісі, соның ішінде мұнай-газ және металлургия салаларында аса қажетті химиялық берік шыны пластика бұйымдары өндірісі («НПО «Композит» ЖШС). Еліміз бойынша аталған өнімнің импорты жылына 44,0 мың тоннаны құрайды. Алайда, импортқа тәуелді болып отырған жоқпыз. Біздің облыс үшін химия және мұнай-химиядан басқа басымдыққа ие бағыт Қазақстан электролиз зауытында алюминий өндірісі және Бозшакөл кен байыту комбинатында мыс өндірісін дамытумен байланысты металлургия кластерін қалыптастыру болып табылады. Бұл бағытта алюминий созбасымын өндіру жобасы енгізілді. Қазіргі уақытта алюминийден төртінші қайта қорытудың басқа өндірістерін құру мәселесі пысықталуда. Әлеуетті инвесторлармен белсенді ынтымақтастық жүргізілуде. Болгариялық ірі инвестор – «Ал-комет» компаниясымен илек, фольга, құйма өндірісі туралы мәселе талқыланып қаралды. Қазіргі уақытта ТЭН дайындау жүзеге асуда.

Аймақ экономикасын әртараптандыру жолында шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің азар орны ерекше. Облысымызда белсенді түрде қызмет етіп жатқан 26 мың 603 осындай нысан тіркелген. Шағын және орта бизнес субъектілері 183 712 миллион теңгенің өнімдерін өндірді, бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 100 пайыз құрады.

– **Сенімді ақпарат көздері таратқан мәліметке қарағанда «Бизнестің жол кар-**

тасы – 2020» бағдарламасының орындалуы бағытында Сіз басқарып отырған аймақ өзгелерден «ок бойы ұзап», көш басына шығыпты.

– «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы өңірімізде қарқынды жұмыс істеуде. Бұл бағыттағы ісімізді нәтижелі ету мақсатында кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі өңірлік үйлестіру кеңесі екінші деңгейлі банктерде субсидиялауға және кепілдік беруге перспективалы жобаларды іріктеді.

Павлодар облысында «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы негізгі төрт бағыт бойынша жүзеге асып келеді. Біріншіден, «Жаңа бизнес-бастамаларды қолдауға банктерге 40,3 миллиард теңгеге шақталған екі жүз өтінім түсті. Соның ішінде Өңірлік үйлестіру кеңесінде (ӨҮК) жалпы құны 35,3 миллиард теңге сомасына 196 жоба мақұлданып, 157 жоба бойынша субсидиялау шарттары жасалды. Бөлінген қаражатты тиімді игеру жолында индустриалық инфрақұрылымды дамыту бағытында да біршама істер жүзеге асуда.

Бағдарламаның екінші бағыты – кәсіпкерлік секторды сауықтыруға арналған. Қуантарлығы, бұған бөлінген қаражат толық игерілуіне байланысты бүгінгі таңда екінші деңгейлі банктер өтініштер қабылдауды тоқтатты.

Кәсіпкерлердің валюталық тәуекелдерін төмендетуді көздейтін үшінші бағытқа 2 жоба мақұлданып, 1,3 млрд теңге сомасына субсидия берілуде («Павлодарсоль» ЖШС, «Нефтехим LTD Компаниясы» ЖШС).

Ал, бағдарламаның кәсіпкерлік әлеуетті күшейтуді диттеген төртінші бағыты бойынша 2012 жылы «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде сервистік қолдау көрсетуге 45,0 миллион теңге бөлінді.

Павлодар облысы кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының құрамындағы «Кәсіпкерлік пен инновацияларды дамыту орталығы» КМК-пен бизнес жүргізуге сервистік қолдау көрсетуге шарт жасады.

– **Кезінде Бейімбет ағамыз «Гүлденса ауыл – гүлденеміз бәріміз» деген екен. Биаған айтқан сол ауыл бәріміздің өсіп-өнген түп-тамырымыз. Олай болса ауылды гүлдендіруде не істен жатырсыздар?**

– «Ауыл – әр қазақтың алтын бесігі». Ертістің Павлодар өңірінде өндірістің ғана емес, аграрлық сектордың да әлеуеті зор. Осыны ескере отырып, көктемгі дала жұмыстары, суармалы алқаптарды жандандыру, асыл тұқымды мал сатып алу жұмыстарын жетілдіруге қаржылай көмек көрсету – ауыл шаруашылығы саласын мемлекеттік қолдау бағдарламасының негізгі бағыты болып табылады. Егер, нақты сандармен сөйлейтін

болсақ, өңірдің екі мыңнан астам шаруасы 11 миллиард теңгеден астам қаржының игілігін көруде.

Жаңа өндіріс ошақтарын ашуда да сала еңбеккерлері белсенділік танытуда. Шарбақты ауданындағы «Алексеев» ЖШС-і, Ертіс ауданындағы «Абай» ЖШС-і, Қашыр ауданындағы «Гигант-Павлодар» ЖШС-і мен Павлодар ауданындағы «Теміров» ЖШС-і базасында сүтті қайта өңдеу пункттері іске қосылды. Ал, қашырық «Терен-Ет» ЖШС-і ет өңдеу бағытындағы цехын тұсауын кесті. Жалпы облыс шаруашылары жыл басынан бері 13,5 мың тонна ет пен 64 мың тонна сүт өндірді. Өнімділікті арттыру мақсатында жыл басынан бері шетелден асыл тұқымды 742 бас ірі қара мал әкелінді. Германия, Канада мен АҚШ-тан жыл соңына дейін тағы да үш мыңнан астам ірі қара әкелінеді деп жоспарлап отырмыз. Мұның бәрі қосымша жұмыс орындарын ашуға зор мүмкіндік беруде. Бүгінгі таңға дейін аграрлық секторда жаңадан үш жарым мыңдай жұмыс орны ашылды.

Жергілікті ауыл шаруашылығы саласы еңбеккерлері, бақандар мен жекелеткен фермерлер қамбамызды астыққа толтырып, картоп, сәбіз, қияр, орамжапырақ және т. б. көкөніс өнімдерін молынан өндірді. Тіпті, облыс орталығынан басқа Астана, Алматы, Ақтау қалалары мен Ресейдің көршілес өңірлерін де қамтамасыз етуде.

Облыс орталығында ауыл еңбеккерлері мен бағбандарға өз өнімдерін делдалдық қызметсіз саудалайтын арнайы орындар жұмыс істейді. Тұрғындарға төмен бағамен көкөніс, жеміс пен ауыл шаруашылығы саласының басқа да өнімдерін сату үшін арнайы жәрмеңкелер ұйымдастырылады. Бұл сатушы мен тұтынушы арасындағы екіжақты тиімді тәсіл.

– Ерлан Мұхтарұлы, енді өңірдегі білім беру, денсаулық салаларының бүгінгі беталысынан қысқаша болса да мәлімет берсеңіз.

– Білімді ұрпақ – кемелденген келешек кепілі. Білім беру саласында айтарлықтай жетістіктеріміз баршылық. Бірінғай ұлттық тестілеу көрсеткіштері көңіл көншітерілік.

Облысымызда «Балапан» бағдарламасы жемісті жүзеге асуда. Биылдың өзінде 13 бала бақша есігін айқара ашты. Атап айтар болсақ, облыс орталығында 320 орындық және Баянауыл ауданында 110 орындық бала бақша құрылысы аяқталып, сегіз шағын орталықтар іске қосылмақ. Тағы бір айта кетерлігі – тағдыры теріс айналып, сал ауруына шалдыққан, көз жанары кеміс және қант диабетімен ауыратын бүлдіршіндер үшін арнайы бала бақша салу ісіне ерекше

мән беріп отырмыз. Бұл іс жақын болашақта шешімін табады деп үміттенеміз. Жалпы алғанда облыс бойынша 3-6 жас аралығындағы бүлдіршіндердің 93 пайызы бала бақшамен қамтылған.

Өңіріміз өндірісті болғандықтан, отын-энергетика саласына маман дайындау мәселесін де естен шығаруға болмайды. Мақсатымызға жету үшін Екібастұз қаласында 700 орындық аймақаралық мамандар дайындау және қайта оқыту орталығы құрылысын жүргізудеміз. Сондай-ақ, Павлодар қаласында 720 орындық «Назарбаев интеллектуалды мектебі» құрылысы аяқталып қалды. Ауласында 120 орындық интернаты бар нысан жақын арада тұсауын кесіпек.

Денсаулық сақтау саласында да ілгері басу тенденциясы байқалады. Есепті кезеңде қан айналымы дертін шалдыққандар өлімі 46,4 пайызға кеміген, құрт ауруына шалдыққандар өлімі 9 пайызға азайғанын көріп отырмыз. Бұл бағытта атқарар істер әлі де баршылық. Дегенмен, ауқымды жұмыстар қолға алынған.

Медициналық мекемелер құрылысы да қарқынды жүруде. Келесі жылы 1 фельдшерлік акушерлік пункт пен 7 дәрігерлік амбулатория жаңадан бой көтермек. Игілікті іс одан кейін де жалғасын таппақ.

– Жасыратыны жоқ, көпшіліктің бас қайғысы – тұрғын үй мәселесі. Осы орайда «Қолжетімді баспана – 2020» бағдарламасының негізгі басымдылықтарына тоқталсаңыз.

– Ағымдағы жылы өңірімізде «Қол жетімді баспана – 2020» бағдарламасына сай 116,4 мың шаршы метр тұрғын үй тапсырылады. Бұл былтырғы жылмен салыстырғанда бір жарым есеге артық. Ұзақ жылдардан бері қордаланған өзекті мәселе – облыс орталығындағы тозығы жеткен «Алюминстрой» ықшам ауданының орнына «Сарыарқа» тұрғын үй кешенін салмақпыз. Асылы, асығыстық танытпай, жоспарымызды кешенді түрде жүзеге асырғанымыз дұрыс сияқты.

– Жаңа экономикалық аймақ жана кадрларды қажет ететіні түсінікті. Ендеше, адам капиталын дамыту мен ел ертені – жастардың мәселесі туралы айтып өтсеңіз?

– Өңірде жұмыссыздық деңгейі 5 пайызға дейін кеміді. Алдағы уақытта оны 4,8 пайызға дейін төмендетуді межелеп отырмыз. Мұның жолы қандай деңгейге? Үстіміздегі жылы «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасына сәйкес төрт жарым миллиард теңге бөлінді. Бұған он мыңнан астам адам қатысып, нәсібін таба алады деген сөз. Қазірдің өзінде төрт мыңнан астам адам кәсіби біліктілігін арттыру үшін жолдама алды. Екі мыңдай адам

әлеуметтік жұмыс орнымен қамтылып, 390 жас маман тәжірибеден өтуде.

«Дипломмен – ауылға» бағдарламасына қызығушылық танытқандар саны уақыт өткен сайын артып келеді. Оларға шағын несиелер бөлініп, тұрғын үймен қамтамасыз ету ісі оң жолға қойылған. Ауыл жастарын шағын және орта кәсіпкерлікке баулу да назардан тыс қалған емес. Игілікті іске 513 адам қызығушылық танытып отыр.

– Облыс орталығындағы Держинский көшесінің атын Қ. Сәтбаевқа ауыстыру, Мәшһүр Жүсіпке керемет мазар салдыру ісіне қосқан өлшеусіз еңбегіңізді жақсы білеміз...

– Сұрағыңыздың төркінін ұқтым. Біріншіден, егер ғұлама ғалымның атындағы көшені орталыққа әкелсек бұл жалғыз Ерлан Аринның еңбегі емес, сайлаушылар аманатын орындап, ел болып қол жеткізген жетістігіміз. Мәшекен, Исабек ишан, Ғабдул Уахит хазірет сынды әулие қонған бабаларымыздың кесенелерінің бой көтеруі де азаматтық танытып, елдіктің, бірліктің үлгісін танытқан бір топ зиялылардың еңбегі. Біз соған ниеттес болып, ұйымдастырушы ретінде басы-қасында болдық.

– Аз-кем сұхбат барысында атқарған біраз істеріңізбен таныс болдық. Бір қарағанда ыңғайсыздау да көрінер, бірақ, Ерлан Мұхтарұлы қандай жан екен деген сұрақты қоймасқа лажымыз болмай тұр. Сіз қалай жауап берер едіңіз?

– Жақсымын десем (күліп) мақтанғандық болады, жаманмын деп жауап беретін пенде жоқ шығар. Сол себепті де, бұл сұрақтың өзі біртүрлі естіледі екен. Бұл сұраққа менен гөрі сырт көздің жауап бергені дұрыс шығар. Менің айтарым, бір-ақ нәрсе, егер қандай да бір елге сауапты жұмыс атқарып жатсақ, ол мақтау үшін, жақсы ат алу үшін емес, азаматтық парымызды өтегеніміз болады. Ендеше, атак алу үшін емес сеніп тапсырған бұқараның үмітін ақтап жатсақ, халық ризашылығына жетсек, Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың алдымызға қойған мақсаттарын толығымен орындасақ, одан асқан абырой болмас.

Көшіміз түзу, бағытымыз айқын. Бастысы – еліміз аман, жұртымыз тыныш болса екен. Ата-бабаларымыз армандап өткен тәуелсіздігіміздің тұңғыры биік болсын.

– Әңгіменізге көп рахмет.

**Сұхбатты жүргізген
Қыдыралы ҚОЙТАЙ.**

Дерек пен дәйек

«EXPO – 2017» Халықаралық көрмесі Астанада өтетін болды

Бұл халықаралық шараны өткізуге үміткер мемлекет экономикалық және әлеуметтік мүмкіндігі бар, әлемдік саяси аренада мойындалған ел болуы шарт. Осынау халықаралық шараны өткізу мүмкіндігіне дейін Қазақстан Халықаралық көрмелер бюросына 1997 жылы мүшелікке қабылданып, 2005 жылдан бастап EXPO көрмелеріне белсенді қатысып келді. Енді, осы халықаралық көрмені Орта Азия және ТМД елдері арасында тұңғыш болып өткізу мәртебесіне қол жеткізіп отыр. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев барша қазақстандықтарды елеулі жеңіспен құттықтап, сөз сөйледі. Мемлекет басшысы өз сөзінде «ЭКСПО – 2017» көрмесін Астанада өткізу туралы шешім тарихи оқиға болып саналатынын атап көрсетті.

2011 жылдың 10 маусымында Париж қаласындағы Халықаралық көрмелер бюросының штаб-пәтеріне Қазақстан Үкіметі «EXPO – 2017» көрмесін Астанада өткізу туралы өтініш берген болатын. Халықаралық көрмені өткізу үшін Астанамен бәсекеге Бельгияның Льеж қаласы түсті. Халықаралық көрмелер бюросының Бас Ассамблеясының 152-сессиясында «EXPO – 2017» көрмесін өткізу мәртебесі Қазақстан Елордасына бұйырды.

Қазақстан – Тәуелсіздік тұсында халықаралық деңгейде бас қосулар өткізуде тәжірибе жинаған мемлекет. Әлемдік маңызы бар «EXPO» көрмесін ұйымдастыру, өткізу талаптары аса биік. ХҚБ Бас Ассамблеясы сессиясында дауыс берген 148 мемлекеттің 103-і «Астана барлық талаптарға сай» деп тауыпты.

Әлем елдерінің алдында бар жетістігін көрсетіп, мүмкіндігін дәлелдей білу оңай емес. Астана қаласы көрмені өткізуге белгіленген үш ай ішінде әлемнің 100 мемлекетінен келетін 5 миллионға жуық қатысушы қонақтарды қабылдап, шараны өз деңгейінде өткізу керек. Алдағы 5 жылда қыруар дайындық жұмыстары күтін тұрғаны белгілі. «EXPO – 2017» көрмесін өткізуге Астананың оңтүстік шығысынан 113 гектар жер бөлінген. Оның 25 гектар жеріне павильон-кешен салынады. Көрмені өткізуге 1,5 млрд. доллар жұмсалады.